



<p>Сабақ тақырыбы: Ойын әдісін жақсарту Өндірістегі жазатайым оқиға мен апаттар.</p>	<p>Мектеп: №8 жалпы білім беру орта мектебі</p>	
<p>Күні: 08.10.2020ж</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні: Жанқулиев Ж</p>	
<p>Сынып: 7 «Ғ»</p>		
<p>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</p>	<p>дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажетті ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсете білу</p>	
<p>Сабақ мақсаттары:</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Табанның ішкі қырымен тебу. Қауіпсіздік ережесін біледі.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Аяқтың үстімен тебу.</p> <p>Оқушылардың кейбірі орындай алады: Допты ішкі жағымен тоқтату.</p>	
<p>Тілдік мақсат:</p>	<p>Пәндік лексика және терминология: Футбол – футбол- football, доп-мяч- ball, ысқырғыш-свисток- thinner, қақпа-ворота-the gate, секундомер-секундомер-stopwatch, тебу-удар- kick, тактика-тактика-tactics</p>	
<p>Диалог</p>	<p>Талқылауға арналған сұрақтар: Допты қақпаға кіргізу үшін қалай тебу керек? Неліктен екенін айта аласыңдар ма? Доп қақпаға кірмеу үшін қалай қорғанасың?</p>	
<p>Блум таксономиясы:</p>	<p>Білу, Түсіну, Талдау, Жинақтау, Бағалау</p>	
<p>Ишара:</p>		
<p>Рухани құндылықтар. Дағдылар</p>	<p>«Мәңгілік Ел» стратегиясы. Оқушыларды бір біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу және топпен жұмыс істей білу қабілеті</p>	
<p>АКТ қолдану.</p>		
<p>Пәнаралық байланыс:</p>	<p>Математика</p>	
<p>Жоспар</p>		
<p>Сабақтың жоспарланған уақыт:</p>	<p>Жоспарланған іс-әрекет:</p>	<p>Ресурстар:</p>
<p>Белсенді оқыту: Сабақтың басы: 10 минут</p>	<p>Жүру үстінде орындалатын жаттығулар, секіру үстіндегі, жүгіру үстіндегі жаттығулар, бір орында тұрып жасалатын жаттығулар орындатылады.</p> 	<p>Спорт зал</p>

Сабақтың ортасы:

Оқушыларды 2 топқа бөлу мозайка әдісімен.
(шашыраған суреттерді құрастыру).

Қауіпсіздік ережелері:

- Ойын барысында даурығып айқайлауға болмайды.
 - Ойыншы әріптесіне белгі беруіне болады
 - Допты алып бара жатқан қарсыласты қуып жеткен жағдайда оның аяғын емес, допты тебу арқылы тартып алуға болады.
 - Жүгіріп бара жатқан қарсыласты артынан келіп итеріп жіберуге болмайды.
 - Қандай жағдайда болмасын, допты алып келе жатқан қарсыласпен бетпе-бет келгенде, тек допты ғана тебу керек.
 - Жоғарыдағы допқа таласқанда қапрсылас ойыншыны итеруге болмайды.
 - Қандай жағдайда болмасын, қақпашыға тиісуге болмайды.
 - Ойынға төрелік етушінің ескертпесін ойыншы мүлтіксіз орындауға тиісті.
 - Төрешінің берген белгісін (ысқырықты) естіген бетте ойынды тоқтату керек.
 - Футбол ойнайтын ойыншылардың саны алаңның кең тар екендігіне байланысты болады.
 - Ойынға қиетін спорт киімдері ауа райына қарай өзгереді.
- Футбол – (ағылшыннан аударғанда foot – аяқ, ball -доп) спорттық командалық ойын түрі.
Футбол – әлемге аса танымал ойындардың бірі. Ойынның негізі мақсаты – қарсылас команданың қақпасына аяқпен, баспен көбірек доп салу болып табылады.

Допты тебу


Допты тебу – футболдағы негізгі ойын тәсілі. Аяқпен тебу бір орындағы және қозғалыстағы допты (домалап, ұшып келе жатқан) аяқ басының ішкі, сыртқы жандарымен, санмен соғу арқылы жүзеге асырылады.


Допты тоқтату әдісі

Допты тоқтату ойыншының допты өзі меңгеруіне және допты беру, алып жүру, қақпаға соғу секілді алдағы ойын іс-әрекеттерін жалғастыруына мүмкіндік береді. Допты тоқтату кезінде ең бастысы — ол ойыншының кері серпіліп кетпеуі.

Допты алып жүру әдісі

Допты алма-кезектебу арқылы алып жүреді. Допты тіке



	<p>бағытта алып жүргенде табанның ішкі алқымымен теуіп алып жүрген қолайлы, ал қисық бағытта алып жүргенде алқымның ішкі бөлігімен теуіп алып жүрген тиімді.</p> <p>Допты тартып алу әдісі</p> <p>Өте күрделі тәсіл. Қарсыластан допты тартып алу үшін доп иесінің ойын жоспарын болжай білу керек. Допты тартып алуда аттап басуды, тез жетуді және басқа да тәсілдерді қолдануға болады.</p> <p>Қақпашының ойыны.</p> <p>Қақпашы – командадағы ең басты, аса қажетті ойыншы. Ол алаңдағы ойыншылардың негізгі тәсілдері мен допты қағып алу, қағып жіберу, ойынға қосу, тәсілдерін жақсы білуі керек.</p> <p>Сергіту сәті: Добын, добын, домалақ, Тоқтамайсың домалап, Кедергіні құлатып Тентек <u>болып кеттің деп</u> Тұрмын сені тепкім кеп.</p>	
Дескриптор	<ol style="list-style-type: none"> 1. Допты құлап барып ұстай алады. 2. Допты жұдырықпен қайтара біледі. 3. Допты жоғары секіріп барып ұстай алады. 	
Саралау:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қақпаға допты аяқтың ішкі бетімен тебу. 2. Қақпашының добын аяқтың ұшымен тоқтату. 	
Сабақтың соңы:	<p>Оқушыларға допты лақтыру арқылы сұрақтар қою.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Футбол қандай ойын? 2) Футболда неше команда ойнайды? 3) Әр командада неше адам болады? 4) Сары карточканы кім алады? 5) Қызыл карточка алған ойыншы не істейді? 	
Қалыптастырушы бағалау:		«Бағдаршам» әдісі бойынша бағалау
Тексерілді:		